

Жүзгінделген тасымалдағышы бар сұлбаларды реакторға алдын-ала даярланған катализаторды, олефинді және синтез-газды береді. Реакциялық массаны редуциялайды (ықшамдайды) және сеператорда кобальт карбонильдері болатын газдарды бөліп алады. Оларды олефинмен суарылатын скрубберде ұстап алады. Ерітіндіні катализатордың жүзгінін (суспензиясын) даярлауға қайтарады. Бұл қондырғыларда альдегидтерді гидрлеуді кобальт катализаторында бір аппаратта жүзеге асырады, ол реакцияның сұйық өнімдерін кобальт карбонилдері бар тасымалдағышпен бірге басқа реакторға береді. Карбонилдер металдық кобальтіне дейін гидрленеді де, онда гидрлену жүреді. Гидрогенизатты катализатордан (тасымалдағыштағы кобальт) сүзіп алады, ал катализатор гидрлеу өнімдеріне жүзгіндер түрінде карбонилдерді даярлауға оксосинтез үдерісіне қайтарылады.

Тасымалдағыштың стационарлық қабаты бар сұлбаларда реакторлық блок екі немесе үш колонналық жүйе болып табылады. Екіреакторлық блокта екі реактор да қондырмалармен толтырылған. 1-колоннада карбонильдердің түзілуі, олардың олефинде еруі және гидроформилдену жүреді. 3- колоннада (декобальтизер) сутек берілетіндіктер СО-ның үлестік қысымы төмендейді, ол кезде карбонильдер ыдырайды да, кобальт қондырмаларда шөгеді. Катализатордың активтілігі нашарлағанда 1-колоннадағы ағындардың бағыттары өзгереді: гидроформилдеу 3- колоннада өтеді, ал 1- колонна декобальтизер ретінде жұмыс істейді. Бөлінетін жылу суытқышпен алынады.

Үшреакторлық блокта 1-колоннаға кобальт карбонильдерінің түзілуі, жүреді, 2- колоннада оксосинтез, ал 3-колоннада декобальтизация (триадалық сұлба) жүреді. 1- колоннада температура 150-180⁰С, ал қысым 15-30 МПа болады. Ағындардың бағытын мерзімді түрде өзгертіп тұрады. 2- колонна өзінше қазан-кәден жаратқыш болып табылады, онда бөлінетін жылудың есебінен су буы түзіледі; қазан үздіксіз жұмыс істейді.